

Жастарға арнаулы мемлекеттік мекеме ашылды

14 шілде 2012 | 13:07 | Қоғам | Қаралған: 2427 | Пікірлер: 0



Белсенді, еңбекқор жастары бар елдің келешегі кемелді болмақ. Жастар саясатын жетілдіру мақсатында кеше облыс орталығында аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ қатысуымен «Жастар бастамаларын дамыту орталығы» ашылды.



– Бұл біздің көптен бергі арманымыз болатын. – дейді жаңа жастар орталығының директоры Арайым Есімбекова. – Себебі, мұндай орталық облысымыздың белсенді жастары үшін ауадай қажет болатын, облыс басшысының тікелей қолдауымен сәулетті ғимаратта орналасқан орталықтың мінеки тұсауы кесіліп жатыр, ендігі міндетіміз – жанымызды салып жұмыс істеу.

Аталған іс-шараға қатысуға Парламент Мәжілісінің депутаты Төлеген Ибраев, облыстық мәслихаттың хатшысы Григорий

Пинчук, Түркия Республикасы Бурса аймағындағы Иылдырым қалалық әкімшілік бастығының орынбасары Ремзи Йепрем, Ресейдің Алтай аймағы Новосібір қаласындағы «Респект» жастар орталығының маманы Алена Ивашко, «Қазақстан ҚВН одағы» республикалық жастар қоғамдық бірлестігінің президенті Есен Елеукен және Павлодар облысы «Жастар бағдарламаларын қолдау орталығы» жобалар бөлімінің жетекшісі Тахмина Рахымжанова келіпті. Алыстан арнайы келген қонақтармен бірге орталықтың ашылуына облыстық басқармалардың жетекшілері, аудандық ішкі саясат бөлімдерінің бастықтары, жоғарғы және орта арнаулы білім беру мекемелерінің басшылары, қалалар мен аудандардағы жастар ұйымдарының өкілдері, «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшылары қатысты.

Жастар орталығының ашылуына құтты болсын айта келген облыс Әкімі еліміздің ертеңі саналатын белсенді жастарымыздың апаңсыз еңбек етуі үшін, билік тарапынан барлық жағдайдың жасалатынын айтты.

– Жастар – мемлекеттің тірегі. Қазақстан бүгінде жастардың алаңсыз оқып, білім алуы үшін қажетті жағдайларды жасап отырғанын барлықтарыңыз жақсы білесіздер. Жаңа заман – сапалы білімнің, біліктіліктің заманы. Біздің жастардың осы талаптың үдесінен шығуы ең басты міндеттеріміздің бірі. Облысымызда бүгінде 120-ға жуық жастар ұйымдары бар екен. Аталмыш ұйымдардың басым көпшілігі белсенді түрде өз қызметтерін жапғастыру үстінде. Біздің аймақ халқының 27 пайызы жастар болып саналады. Жылдан-жылға жастар саясатына бөлінетін қаржы көлемін де ұлғайтып келеміз. Ағымдағы жылы бұл салаға 78 миллион теңге бөлініп отыр және бөлінетін қаржы көлемін жыл сайын ұлғайта бермекпіз. Бүгінгі ашылып отырған орталықтың облыс жастары үшін берері мол болмақ, олардың қадамдарына сәттілік тілейміз, – деді аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ.

«Альшемали» сауда орталығының 4-ші қабатында орналасқан жаңа орталықта 12 жас маман қызмет етпек. Мұнда жиналған өңшең жігерлі жастардың мақсаттары да үлкен. Олар 2013 жылы орталықта ақпарат және сараптамалық жұмыстармен айналысатын жас редакторлар бөлімін ашпақ. Аталмыш орталықтың Семей, Риддер, Аягөз қалаларындағы филиалдарын іске қосу жоспарланып отыр, сонымен қатар барлық аудандар мен қалалардағы жастарға байланысты әлеуметтік маңызды жобаларды бірлесе жүзеге асыру – басты мақсаттардың бірі.

Түркияның Бурса аймағымен, Ресейдің Новосібір қаласымен тікелей байланысқа түсіп, еріктілер, яғни, волонтерлер және жастар арасындағы зияткерлік клубтар жөніндегі жобаларды қолға алып жатқан жастардың талаптары таудай. Бурса аймағындағы Иылдырым қалалық әкімшілік бастығының орынбасары Ремзи Йепрем өз сөзінде жастардың қоғамдық белсенділігіне сүйсіне отырып, жастар саясатына қолдау көрсетіп отырған облыс басшысына ризашылығын білдірді.

Тұсауы кесілген жаңа орталық енді бірден білек сыбана жұмысқа кірісеміз деп отыр. Олар облысымыздың 80 жылдығына орай тамыздың 8-інде Семей қаласында облыс Әкімінің жүлдесіне арналған республикалық КВН ойындарын ұйымдастырмақ. Бұдан соң бірден Курчатова қаласында қазақ тілін қолдау мақсатында «Тілім менің тірегім – елім деп соғар жүрегім» атты байқау өткізуді жоспарлапты. Желтоқсан айында Ұлан ауданында Қасым Қайсеновтің ерлігін жастарға дәріптеу мақсатында облыстық жастар форумын, Зырян ауданында «Жастығым саған – туған жер» фестивалін ұйымдастыруды көздеуде.

Орталық директоры Арайлым Есімбекова Түркия және Ресейдің жастар ұйымдарымен, сонымен қатар Павлодардағы орталықпен бірлескен ынтымақтастық меморандумына қол қойды. Жаңадан ашылған орталыққа облыс басшысы су жаңа автокөліктің кілтін тапсырды.

Дарын Нұрсапаров